

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 6D060700 – Биология, 6D070100 - Биотехнология, 6D061300-Геоботаника мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

### Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 2
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам. Диссертациялық кеңестің мүшесі, шет елдік ғалым Францияның PhD-і, Вильжуиф қаласы Густава Русси онкологиялық орталығындағы «ДНҚ Репарациясы» зертханасының меңгерушісі, профессоры Сапарбаев Мұрат белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 2 отырысына қатыспады. Диссертациялық кеңестің мүшесі, профессор Шалахметова Тамара Минажевна денсаулық жағдайына байланысты диссертациялық кеңестің 1 отырысына қатыспады.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО
1	Қосалбаев Бекжан Дүйсенбіұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Джиенбеков Айбек Капланбекович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

### 4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

#### 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қосалбаев Бекжан Дүйсенбіұлы - диссертациялық жұмысы әр түрлі экожүйелерден бөлініп алынған және коллекциялық белсенді цианобактерия штамдарының агробиотехнологиядағы және сутегін алу биотехнологиясындағы потенциалын зерттеуге бағытталған.

Джиенбеков Айбек Капланбекович - диссертациялық жұмыс Алакөл көлі балдырларының алуантүрлілігін және оның заманауи систематикасын зерттеуге, харофитті балдырлардың генетикалық полиморфизімін жасауға бағытталған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Б.Д. Қосалбаевтың диссертациялық жұмысы АР05131743 «Биомониторинг технологиясының ғылыми-әдістемелік негізін өңдеу және фототрофты микроорганизмдерді пайдалана отырып, ластанған су экожүйесінің жағдайын болжау», (2018-2020 жж.), АР05131218 «Ағынды суларды биологиялық тазартудың және биодизельді потенциалды өндіру үшін цианобактериялар негізінде көмірқышқыл газын пайдаланудың қалдықсыз технологиясын жасау» (2018-2020 жж.), АР08052481 «Микробалдырлардың белсенді штамдары негізінде биодизель өндірісінің технологиясын жасау» (2020-2022 жж.) және АР08052402 «Азотты фиксациялаушы цианобактерияларға негізделген тыңайтқыштар өндірісінің технологиясын жасау» (2020-2022 жж.) жобаларының шеңберінде орындалды.

А.К. Джиенбековтың диссертациялық жұмысы Ғылыми жұмыс автордың жеке орындаған жұмысына жатады және қаржыландырылған ғылыми жобалармен байланысы жоқ. Ал ғылыми жұмыстың орындалуында Ботаника және фитоинтродукция институтының экспедициялық және зертханалық құрал-жабдықтары пайдаланылса, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің қаржыландырылуымен жұмыстың биоиндикациялық, Алакөл көлінің альгофлорасының салыстырмалы флоралық талдамалары мен молекула-генетикалық бөлімі Хайфа Университеті (Израиль), Эволюция институтында орындалды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Б.Д. Қосалбаевтың диссертациялық жұмысы нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуі. Бөлініп алынған *Anabaena sp. Bl-4*, *Nostoc sp. J-14*, *Cylindrospermum sp. J-8*, *Anabaena variabilis K-31*, *Oscillatoria Sh-11*, *Tolypothrix tenuis J-1* цианобактериялардың штамдары ары қарай зерттеу жұмыстарына қолдану үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің фотобиотехнология зертханасының «ССМКазНУ» микробалдырлар коллекциясына енгізілді.

Фототрофты микроорганизмдерді өсіруге арналған бес секциялы фотобиореактордың технологиялық сызбасы әзірленді және патенттелді («Фототрофты микроорганизмдерді дақылдауға және сұрыптауға арналған фотобиореактор» пайдалы моделіне арналған патент», №38863, 05.06.2019). Осы технологиялық сызба бойынша жасалған фотобиореактор

цианобактериялар мен микробалдырлардың штамдарын жаппай өсіру үшін және дақылдармен селекциялық жұмыстар жүргізу үшін ұсынылады.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша таңдалып алынған *Anabaena variabilis R-I-5* және *Anabaena sp. Bl-4* штамдарының биомассасы негізінде алынған суспензияның ауылшаруашылық өсімдіктерінің өнімділігіне оң әсері анықталынып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жылыжайында қолданылуда.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында таңдалған азот фиксациялаушы *Anabaena variabilis R-I-5* және *Anabaena sp. Bl-4* штамдары негізінде алынған биомасса қазіргі уақытта ауылшаруашылық өсімдіктеріне биотыңайтқыш ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жылыжайында қолданылуда.

А.К. Жиенбековтың докторлық диссертациясының нәтижесінде Алакөл көлінің балдырларының алуантүрлілігін сақтап қалу, сондықтан көл суының балдырларының түрлік құрамы зерттелді және анықталған балдырлар түрлерінің заманауи систематикасы жасалынды. Мұндай заманауи систематиканың нәтижесінде жаңа атауларға ие болған балдырлар түрлері белгілі болды. Алакөл көлінің балдырларының түрлік құрамының тізімі мен систематикасы еліміздегі ең үлкен қорықтардың бірі Алакөл Мемлекеттік Табиғи Қорығың су экожүйесіндегі мониторингі үшін үлкен ғылыми және практикалық маңызға ие. Ал молекула-генетикалық әдістерді альгология саласында пайдалану мүмкіндігі дәлелденіп, классикалық систематикаға жаңа жолдары ашылды.

Алакөл көлінің альгофлорасының алуан түрлілігін зерттеп және балдырлардың доминантты түрлерін анықтау олардың экологиялық топтарына талдау жүргізу арқылы көл суының жағдайына биоиндикациялық баға беру диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық жағынан маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысы нәтижелері еліміздегі Жоғарғы оқу орындарында биология және экология мамандарын дайындауда, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау мекемелерінде оқулықтар, ұсыныс кітапшалары және көрсетпе құралдарын дайындауда сонымен қатар жалпы балдырлар жайында мәліметтер базасын жасауда қолданылады.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.19 пунктін өзгерту және диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Бұл ұсыныс докторанттарға тәуелсіз эксперттерді тағайындау нәтижесінде, тәуелсіз эксперттердің ескертпелерін жөндеу үшін, ол өз кезегінде көп уақыт алатындығыменен байланысты болып отыр.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:**

№		6D060700 – Биология	6D070100 – Биотехнология	6D061300 – Геоботаника
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	1	1	-
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-
3	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
4	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО);	-	-	-
5	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
6	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-

